КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 10 қазан №2301-23-00-2/1633 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жауқазын» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Утепов Дуйсенгали,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР: (аудиобейнебайланыс арқылы)
талап қоюшы өкілі А.С.Набиева,
жауапкер Д.С.Утепов,
үшінші тұлға өкілі А.С.Хасанова,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 29 маусымда тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №88 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша тараптар келісім шартқа қол қойған күннен бастап, бір айдың ішінде, яғни 2023 жылғы 29 шілдеге дейін Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Ж.Ізтұрған көшесі, №9 мекен-жайдағы «Жауқазын» бөбекжай-бақшасының ғимаратына қазандық жабдықтарды монтаждау жұмыстарын жүргізу түріндегі қызмет көрсетуге міндеттенген. Шарттың құны 4 223 655 теңге.

Алайда, жауапкер 29.06.2023 жылғы шығыс №1 хатында мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындаудан бас тартатыны туралы хабарлаған.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қоюшы өз талабын

жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (бұдан әрі – шарт) бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, тапсырыс беруші үшін шарт бойынша тауардың уақытылы алынбауы түріндегі жағымсыз салдарының бар екенін көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі талапты мойындамай, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады және сотқа берген түсініктемесінде қазандық жабдықтарын сатып алуға барғанда дүкенші қуаты 300 кВт тұратын қондырғы 300 шаршы метр ғимарат аумағына арналғанын түсіндіргенін, сондықтан сметадағы мәліметтер мен шарттың техникалық ерекшелігіндегі мәліметтер сәйкес келмейді деп санап, шартты орындаудан бас тартқанын айтты.

Үшінші тұлға «ЭкоАС проект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі А.С.Хасанова сотқа берген түсініктемесінде «Жауқазын» бөбекжай-бақшасы мен «ЭкоАС проект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу шартына сай, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Ж.Ізтұрған көшесі, №9 мекен-жайдағы «Жауқазын» бөбекжай-бақшасының ғимаратына қазандық жабдықтарды монтаждау жұмыстарын жүргізуге қатысты локалдық смета жасақталғанын, сметада аумағы 3000 шаршы метр ғимаратқа жылыту қазандығының қуаты – 300 кВт мен 348 кВт аралығында болуы қажет екені бекітілгенін айтты.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың <u>тізілімі</u> өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызметті жеткізген жоқ. Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шартта көзделген міндеттемені орындаудан бас тартқан.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе

өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 18 шілдеде жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап коюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жауқазын» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер Утепов Дуйсенгали мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Утепов Дуйсенгали мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Утепов Дуйсенгали «Жауқазын» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына мемлекеттік бажға төленген 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «20» қараша 2023 жылы заңды күшіне енді.

Судья А.Е.Султангалиева